ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 24 шілде №4360-23-00-2/1444 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М.Сансызбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Жайлау» атынан әрекет етуші Уалихан Темірханұлы Жайлау

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «Жайлау» атынан әрекет етуші Уалихан Темірханұлы Жайлауды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Жайлау» атынан әрекет етуші Уалихан Темірханұлы Жайлау мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Жайлау» атынан әрекет етуші Уалихан Темірханұлы Жайлаудан мемлекет кірісіне сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1725 теңге (мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Жайлау» атынан әрекет етуші Уалихан Темірханұлы Жайлаудан талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының пайдасына тұрақсыздық айыбы 7 896 (жеті мың сегіз жүз тоқсан алты) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 237 (екі жүз отыз жеті) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 25.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 08.09.2023, судья Елшібеков Б. Е., 12.09.2023

Егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.М.Сансызбаева

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 25.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 08.09.2023, судья Елшібеков Б. Е., 12.09.2023

4360-23-3-1/1564